



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Қысыммен астында жұмыс істеуге арналған балқытылған болат құбырлар

Жеткізу жөніндегі техникалық шарттар
6-бөлім

ТӨМЕН ТЕМПЕРАТУРА КЕЗІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН АРНАЙЫ
ҚАСИЕТТЕРІ БАР ЛЕГИРЛЕНБЕГЕН БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН КОЖБЕН
ПІСІРІЛГЕН ҚҰБЫРЛАР

Трубы стальные сварные для работы под давлением

Технические условия поставки
Часть 6

ТРУБЫ ИЗ НЕЛЕГИРОВАННОЙ СТАЛИ ПОЛУЧЕННЫЕ ДУГОВОЙ
СВАРКОЙ ПОД ФЛЮСОМ С УСТАНОВЛЕННЫМИ СВОЙСТВАМИ ДЛЯ
НИЗКОЙ ТЕМПЕРАТУРЫ

ҚР СТ EN 10217-6-2015

*(EN 10217-6-2002 Welded steel tubes for pressure purposes - Technical delivery conditions -
Part 6: Submerged arc welded non-alloy steel tubes with specified low temperature properties,
IDT)*

Осы ұлттық стандарт еуропалық EN 10217-6-2002 стандарттың ұқсас туындысы
болып табылады және CEN рұқсатымен, мына мекенжай бойынша қабылданды:
Марникс даңғ.17, В-1000 Брюссель

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Қысыммен астында жұмыс істеуге арналған балқытылған болат құбырлар

**Жеткізу жөніндегі техникалық шарттар
6-бөлім**

**Төмен температура кезінде жұмыс істеу үшін арнайы қасиеттері бар легирленбеген
болаттан жасалған кожбен пісірілген құбырлар**

ҚР СТ EN 10217-6-2015

*(EN 10217-6-2002 Welded steel tubes for pressure purposes - Technical delivery conditions -
Part 6: Submerged arc welded non-alloy steel tubes with specified low temperature properties,
IDT)*

**Осы ұлттық стандарт еуропалық EN 10217-6-2002 стандарттың ұқсас туындысы
болып табылады және CEN рұқсатымен, мына мекенжай бойынша қабылданды:
Марникс даңғ.17, В-1000 Брюссель**

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

1 «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамы ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ

2 Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 248-од бұйрығымен БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

3 Осы стандарт EN 10217-6-2002 Welded steel tubes for pressure purposes - Technical delivery conditions - Part 6: Submerged arc welded non-alloy steel tubes with specified low temperature properties стандартқа ұқсас, (Қысыммен астында жұмыс істеуге арналған балқытылған болат құбырлар Жеткізу жөніндегі техникалық шарттар. 6-бөлім. Төмен температура кезінде жұмыс істеу үшін арнайы қасиеттер бар легирленбеген болаттан кожбен пісірілген құбырлар)

Осы стандарт ZA қосымшада келтірілген, ЕС Директиві(тері)нің елеулі талаптарын іске асырады

Еуропалық стандартты ECISS/TC 29 («Болат құбырлар және болат құбырларға арналған фитингтер») техникалық комитеті дайындаған, хатшылық UNI орналасқан.

Ағылшын (en) тілінен аударма

Негізінде осы стандарт әзірленген еуропалық стандарттың және сілтемелер берілген ресми даналары, нормативтік техникалық құжаттардың Бірыңғай мемлекеттік қорында сақталған

Еуропалық стандарттың ресми нұсқасында келтірілген жекелеген сөз орамдары, терминдері, мемлекеттік және орыс тілдері мен қабылданған терминологияны сақтау мақсатында, сондай-ақ техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін құру ерекшеліктеріне байланысты өзгертілді және синоним сөздермен ауыстырылды

Стандарттардың (мемлекетаралық) сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы кіріспе, В.А қосымшаның толықтыруында келтірілген

Сәйкестік дәрежесі – бірдей (IDT).

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

2022 жыл
5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткішінде, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні – ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе оның күші жойылған жаздайда, тиісті хабарлама ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жарияланатын болады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайталанбайды, көбейтілмейді және таратылмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер және анықтамалар	3
4	Белгілеу	3
5	Болаттың сорты және таңбалау	3
6	Тапсырысшыға ұсынылатын ақпараттар	3
7	Өндіріс процесі	4
8	Талаптар	6
9	Бакылау	13
10	Үлгілерді іріктеу	14
11	Сынау әдістері	16
12	Таңбалау	19
13	Қорғау	19
	А қосымшасы (<i>міндетті</i>)	20
	ZA қосымшасы (<i>ақпараттық</i>)	26
	В.А қосымшасы (<i>толықтыру</i>)	27
	Библиография	28

Кіріспе

EN 10217 Еуропалық стандарт, жалпы атауы: Қысыммен жұмыс істеуге арналған дәнекерленген болат құбырлар. Жеткізудің техникалық шарттары, келесі бөлімдерден тұрады:

1-бөлім: Бөлме температурасы үшін белгіленген қасиеттері бар легирленбеген болаттан жасалған құбырлар;

2-бөлім: Температураны арттыру үшін белгіленген қасиеттері бойынша электр пісірумен алынған легирленбеген және легирленген құбырлар;

3-бөлім: Легирленген ұсақ түйіршікті құрастырылымдық болаттан дайындалған болаттан дайындалған құбырлар;

4-бөлім: Төмен температура үшін белгіленген қасиеттері бар, электр пісірілген, легирленбеген болаттан жасалған құбырлар;

5-бөлім: Жоғары температура үшін арнайы қасиеттері бар, кожбен пісіру арқылы алынған, легирленбеген және легирленген болаттан жасалған құбырлар;

6-бөлім: Төмен температура кезінде жұмыс істеу үшін арнайы қасиеттер бар легирленбеген болаттан кожбен пісірілген құбырлар;

7-бөлім: Тот баспайтын болаттан жасалған құбырлар.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Қысыммен астында жұмыс істеуге арналған балқытылған болат құбырлар

Жеткізу жөніндегі техникалық шарттар

6-бөлім

**ТӨМЕН ТЕМПЕРАТУРА КЕЗІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУҮШІН АРНАЙЫ
ҚАСИЕТТЕРІ БАР ЛЕГИРЛЕНБЕГЕН БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН КОЖБЕН
ПІСІРІЛГЕН ҚҰБЫРЛАР**

Енгізілген күні 2017-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт екі сынақ бойынша төменгі температура үшін белгіленген қасиеті бар, флюс бойынша доғалық пісірумен алынған, әнделмеген құбырларды жеткізудің техникалық талаптарын белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет болады. Күні белгіленбеген сілтемелер үшін сілтемлік құжаттың (оның өзгерістерін қоса алғанда) мынадай соңғы шығарылымы қолданылады:

EN 760-1996 Welding consumables – Fluxes for submerged arc welding – Classification (Дәнекерлеу материалдары — Флюс бойынша доғалық пісіру үшін флюстер - Топтастыру).

EN 895-1995 Destructive tests on welds in metallic materials - Transverse tensile test (Металдық материалдардың пісірілген жақтаулары бүлінуін сынау — Кәлденең керу бойынша сынау).

EN 910-1996 Destructive tests on weld in metallic materials -Bend test (Металдық материалдардың пісірілген жақтаулары бүлінуін сынау -Иілуге сынау)

EN 1321-1996 Destructive tests on welds in metallic materials - Macroscopic and microscopic examination of welds (Металдық материалдардың пісірілген жақтаулары бүлінуін сынау, пісірілген жіктерді макро-және микроскопиялық зерттеу).

EN 10002-1-2001 Metallic materials - Tensile testing - Part 1 : Method of test (at ambient temperature) (Металдық материалдар — Керуге арналған сынау - 1-бөлім: Сынау әдісі (комнаталық температура жағдайында)).

EN 10020-2000 Definitions and classification of grades of steel (Болат маркасын анықтау және жіктеу).

EN 10021-2006 General technical delivery requirements for steel and iron products (Болат және темір бұйымдар үшін жеткізудің жалпы техникалық талаптары).

EN 10027-1-2005 Designation systems for steels - Part 1 : Steel names, principle symbols (Болат үшін белгілеу жүйесі -1-бөлім: Болаттың атаулары, негізгі символдар).

EN 10027-2-2015 Designation systems for steels - Part 2 : Numerical systems (Болат үшін белгілеу жүйесі -2-бөлім: Сандық жүйелер).

EN 10045-1990 Metallic materials - Charpy impact test - Part 1: Test method (Металдық материалдар- Шарпи бойынша соққыға арналған сынау - 1-бөлім: Сынау әдісі).

EN 10052:2004 Vocabulary of heat treatment terms for ferrous products (Темір қорытпаларынан дайындалған бұйымдар. Термиялық әңдеу жөніндегі терминдер сөздігі).

EN 10204-2004 Metallic products - Types of inspection documents (Металдық бұйымдар - Куәландыру құжаттарының түрлері).

ENV 10220-2002 Seamless and welded steel tubes - Dimensions and masses per unit

length (Жапсарсыз және пісірілген болат құбырлар – Ұзындық бірлігінің мөлшері және массасы).

EN 10246-9-2000 Non-Destructive Testing of steel tubes – Part 9: Automatic ultrasonic testing of the weld seam of submerged arc-welded steel tubes for the detection of longitudinal and/or transverse imperfections (Болат құбырлардың бұзбайтын бақылауы - 9-бөлім: Флюс бойынша доғалық пісірумен алынған болат құбырлардың жапсарын ұзына бойы және/немесе кәлденең ақауларын анықтауға арналған автоматты ультрадыбыстық сынау).

EN 10246-10 Non-Destructive Testing of steel tubes – Part.10: Radiographic testing of the weld seam of automatic fusion arc-welded steel tubes for the detection of imperfections (Болат құбырлардың бұзбайтын бақылауы - 10-бөлім: Пісірілген жікті немесе доғалық пісірумен алынған, автоматты пісірілген болат құбырларды ақаулары болуына радиографиялық сынау).

EN 10246-15 Non-Destructive Testing of steel tubes - Part 15: Automatic ultrasonic testing of strip/ plate used in the manufacture of welded steel tubes for the detection of laminar imperfections (Болат құбырлардың бұзбайтын бақылауы - 15-бөлім: Ламинарлық ақауын анықтау үшін әндірісте пайдаланылатын пісірілген болат құбырларды, жолақ бойымен автоматты ультрадыбыстық сынау).

EN 10246-16 Non-Destructive Testing of steel tubes - Part 16: Automatic ultrasonic testing of the area adjacent to the weld seam of welded steel tubes for the detection of laminar imperfections (Болат құбырларды рұқсат етілмеген сынау - 16-бөлім: Пісірілген болат құбырдың пісірілген жапсарына іргелес учаскені ламинарлық ақаулар болуына автоматты ультрадыбыстық сынау).

EN 10246-17 Non-Destructive Testing of steel tubes - Part 17: Ultrasonic testing of tube ends of seamless and welded steel tubes for the detection of laminar imperfections (Болат құбырларды рұқсат етілмейтін сынау - 17-бөлім: Бес ұштарын ультрадыбыстық сынау).

EN 10256-2000 Non-Destructive Testing of steel tubes - Qualification and competence of level 1 and level 2 NDT personnel (Болат құбырларды рұқсат етілмеген сынау – Бүлдірмей сынақ жүргізуші персоналдың 1 және 2 деңгейлерін сараптау және біліктілігі).

prEN 10168¹⁾-2004 (DIN EN 10168:2004-09) Iron and steel products - Inspection documents - List of information and description, Темір және болат әнімдері – Куәландыру құжаттары – Ақпараттар тізбесі және сипаттамасы).

prEN 10266¹⁾DIN EN 10216-2003-12) Steel tubes, fittings and structural hollow sections - Symbols and definition of terms for use in product standards, Болат құбырлар, фитингтер және қуыс кескіндер – Әнім стандарттарына пайдалану символдары және терминдер).

EN ISO 377 -2013 Steel and steel products - Location and preparation of samples and test pieces for mechanical testing (ISO 377:1997) (Болат және болат әнімдері – Механикалық сынақ кезінде сынау үшін үлгілерді орналастыру. (ISO 377:1997)).

EN ISO 2566-1:1999 Steel - Conversion of elongation values – Part 1: Carbon and low-alloy steels (ISO 2566-1:1984) (Болат – Ұзартылу мәндерінің түрлендірілуі - 1-бөлім: Кәміртек және төмен легіріленген болаттар (ISO 2566-1: 1984)).

ISO 14284-1996 Iron and steel products - Sampling and preparation of samples for the determination of the chemical composition (Болат және темір – Сынамаларды іріктеу және химиялық құрамын анықтауға арналған үлгілерді әзірлеу (ISO 14284:1996)).

CR 10260-1998 Designation systems for steel - Additional symbols (Болат үшін белгілер жүйесі: Қосымша символдар).

CR 10261 -1996 ECIS Information Circular IC 11 - Iron and steel - Review of available methods of chemical analysis (ECIS Ақпараттық айналым 11 – Темір және болат – Химиялық талдаудың қолда барын шолу).

¹⁾ Еуропалық стандарт ретінде жариялдану сатысында, тиісті ұлттық стандарт пайдалану кезінде келісілуге тиісті.

3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта EN 10020, EN 10021, EN 10052, prEN 10266 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мына терминдер қолданылады:

3.1 Сынақ түрлері (Test Category): Бақылау және сынау дәрежесі мен деңгейін көрсететін жіктеу.

3.2 Жұмыс беруші (Employer): Субъект жүйелі негізде жұмыс істейтін ұйым

Ескерпе — Жұмыс беруші құбырлар шығарушы да, жеткізуші де болуы, сондай-ақ үшінші тарап бүлдірмей сынақ жүргізуші де болуы мүмкін.

3.3 Пісіру технологиясын жіктеу (Qualification of welding procedure): А қосымшаға сәйкес пісіру технологиясын жасаушы мен бірге сынау және бақылау.

3.4 Пісіру процедурасын бекіту (Approval of welding procedure): Қуәмен бірге және уәкілетті органның қосымшасына сәйкес бекітілген пісірудің технологиясын сынау және бақылау.

4 Белгілеу

Осы стандартта prEN 10266 жәніндегі белгілер, сондай-ақ мына белгілер қолданылады:

- C1 және C2 — Сәйкестік категориясының индикаторлары (қараңыз, 7.3.1 және 7.3.3);
- TC — сынау категориясы.

5 Болаттың жіктеу және таңбалау

5.1 Жіктеу

EN 10020 жіктеу жүйесіне сәйкес, 2 және 4-кестелерде келтірілген болаттың жіктеу, әңделмеген сапалы болат ретінде жіктеледі.

5.2 Таңбалау

5.2.1 Осы стандарт бойынша құбырлар үшін болат таңбасына мыналар енеді:

- EN 10217 (EN 10217-7) стандарттың нөмірі;

немесе:

- EN 10027-1 және CR 10260 сәйкестіктегі болаттық маркасы;

немесе:

- болатты EN 10027-2 сәйкестікке нөмірлеу.

5.2.2 Болат маркасы былайша белгіленеді:

- бас әріппен P — қысым жағдайындағы жұмыс үшін;
- МПа шаманың аққыштығының берілген ең төменгі шегі көрсетіледі (қараңыз, 4-кесте);
- белгіленген шарттар жеткізу үшін қарастырылып отырған болат маркасы (қараңыз, 1-кесте);
- төмегі температура үшін бас әріппен L.

6 Тапсырыс беруші ұсынатын міндетті ақпараттар

6.1 Міндетті ақпараттар

Келесі ақпараттар сұрағанда және әтінгенде тапсырыс берушіге ұсынылуға тиісті:

- а) саны (массасы немесе жалпы ұзындығы немесе нөмірі);

- б) «құбыр» атауы;
- с) әлшемі (сыртқы диаметрі D және жақтауының қалыңдығы T) (қараңыз, 6-кесте);
- д) EN 10217 (қараңыз, 5.2) сәйкестікте болат маркасын белгілеу;
- е) сынақ түрі (қараңыз, 9.3).

6.2 Нұсқалар

Мына тізімделген нұсқалар тапсырыс кезінде ұсынылады. Өтіну және тапсырыс беру сәтінде тапсырыс беруші осы нұсқалардың кез-келгенін келіспесе, құбырлар негздік ерекшелікке сәйкес ұсынылады (қараңыз, 6.1).

- 1) Құбырлардың технологиялық маршруты (қараңыз, 7.3.2);
- 2) Мыстың және қалайының мөлшерін шектеу (қараңыз, 2-кесте);
- 3) Өнімдерді талдау (қараңыз, 8.2.2);
- 4) Құбыр ұшын арнайы дайындау (қараңыз, 8.6);
- 5) Нақты ұзындығы (қараңыз, 8.7.3);
- 6) Стандарттан айырмасын куәландыру туралы құжат (қараңыз, 9.2.1);
- 7) Кәлденең керілуін сынау (11-кесте);
- 8) Гидростатикалық герметика қысымын сынау (қараңыз, 11.6);
- 9) Ұшынан қашықтықта жақталар қалыңдығын әлшеу (қараңыз, 11.7);
- 10) Пісірілген жікті куәландыру үшін сынақтық бүлдірмейтін әдісі (қараңыз, 11.9.1);
- 11) Пісірілген радиографиялық зерттеу үшін EN бойынша R1 кескінінің сапа класы (қараңыз, 11.9.1);
- 12) Қосымша таңбалау (қараңыз, 12.2);
- 13) Қорғау (қараңыз, 13).

6.3 Тапсырыс мысалы

P265NL маркалы болаттан, EN 10217-6 сәйкес жақтау қалыңдығы 4,5 мм, сыртқы диаметрі 508 мм флюс бойынша доғалық пісіру арқылы алынған 500 м құбыр, сынау категориясы 1, EN 10204 сәйкес тексеру туралы куәлік 3.1.C .

500 м - Құбыр - 508 × 4,5 - EN 10217-6 - P265NL - TC 1 - Нұсқа 6: 3.1.C.

7 Өндіріс процесі

7.1 Болат өндірісі

Шығарушының қалауы бойынша болат әндіру.

7.2 Ашыту процесі

Болат толықтай ашытылған болуға тиісті.

7.3 Құбыр өндірісі және жеткізу шарттары

7.3.1 Бүлдірмей бақылау жәніндегі барлық іс-шараларды, аталған қызметке маманданған, 1,2 және 3-деңгейдегі білікті және құзыретті персонал жүргізуге тиісті.

Персоналдың біліктілігі EN 10256 стандартына немесе оның баламасына сәйкесуге тиісті.

3-деңгейдегі персоналға EN 473 немесе оның баламасына сәйкес сертификаттау ұсынылады.

Жұмыс берушінің сернтификаттау жүргізуі процедурадағы жазбаға сәйкес келуге тиісті.

Бүлдірмей сынау жәніндегі жұмыстар, жұмыс беруші қабылдаған 3-деңгей бойынша сертификатталуға тиісті.

Ескеріс - 1,2 және 3-деңгейлерді анықтау, тиісті стандарттарда, мысалы EN 473 және EN 10256 келтірілуі мүмкін.

III және IV категориядағы қысым жағдайындағы жабдықтық жұмысы үшін, персонал уәкілетті бейтарап ұйыммен бекітілуге тиісті. Осы талаптарға сәйкеспейтін құбырлар, "C 1" таңбасы талап етілетін жағдайларды қоспағанда, "C 2" болып таңбалануға тиісті (қараңыз, 7.3.3).

7.3.2 Құбырлар 1-кестеде белгіленген режимдердің біріне сәйкес (SAW) флюс бойынша пісіру кәмегімен жасалуы мүмкін.

Егер 1-опция таңдалмаған болса, әндірістік процесті және/немесе режимді кәрсету шығарушының қалауында болады.

1-опция: Технологиялық маршрутты тапсырыс берушімен ұсынылады.

Құбырлар флюс бойынша пісіру кәмегімен жасалуға тиісті, кем дегенде бір пісіру түйісі құбырдың ішінде және енді бір пісіру түйісі сыртында.

(SAWH) флюс бойынша спиральды доғалық пісіру кәмегімен құбырды жасау үшін пайдаланылатын жолақ, құбырдың кем дегенде 0,8 есе еніндей немесе 3,0 есе сыртқы диаметріндей болуға тиісті.

Дайын құбырларда, спиральды пісіру жақтауына арналғанды қоспағанда, ыстық немесе салқын иленген жолақ немесе тілімше ұзындығын түйістіру үшін пайдаланылатын, жақтаулар болмауға тиісті.

(SAWH) флюс бойынша спиральды доғалық пісіру кәмегімен құбырды жасау үшін, жолақтың ұзындығын түйістіретін пісіру жақтауы, жеткізілетін құбырдың бәлігі болып табылады, пісіру технологиясы А қосымшаға сәйкес жіктелуге тиісті және жақтау спиральды жақтау сияқты бақылауға және сынаққа тартылуға тиісті.

7.3.3 Пісіруді, технологиялық процесс талап ететін қағидаға сәйкес білікті персонал жүзеге асыруға тиісті.

II, III және IV технологиялық процесс категориясындағы қысым бойынша жабдықтың және персоналдың жұмысын уәкілетті ұйым бекітуге тиісті.

Осы талапқа сәйкес келмейтін құбырлар "C1" таңбалануға тиісті.

7.3.4 Құбырларды SAW пісіру процедурасы А қосымшаға сәйкес дәрежеленуге тиісті.

7.3.5 Осы стандартта қамтылған, құбырларды жеткізу шарттары 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Өндірістік процесс, құбырлардың технологиялық маршруты және жеткізу шарттары

Маршрут №	Өндірістік процесс		Технологиялық маршрут		Жеткізу шарттары
	Процесс	Белгілер	Бастапқы материал	Қалыптқа келтіру операциясы	
1	Электрошлакты және пісірілген құбыр	(SAW)	Жайма немесе жолақ (ыстық) прокаты	Салқын иленім	Қалыпқа келген (толық құбыр)
2a		- (SAWL)	Жайма немесе жолақтың қалыпқа түскен прокаты	Салқын иленім	Кейіннен әнделмейді ^{a)}

2b	- ұзына бойғы жақтау	- (SAWH)	Қалпына түскен жайма немесе жолақ		
3	- спиральды жақтау		Қалыпқа түскен жайма немесе жолақ (ыстық) прокаты	Қалпына келген формация ^{b)}	Кейіннен әңделмейді ^{a)}
<div><div></div><div>^{a)} Пісірілген жақтау кернеуін алып тастауға болады;</div><div>^{b)} SAWL құбырларына ған қолданылады.</div></div>					

8 Талаптар

8.1 Жалпы

7.3-те көрсетілген және 9, 10 және 11-бөлімдерге сәйкес тексерілген жағдайларда жеткізу кезінде, құбырлар осы стандарттың талаптарына жауап беруге тиісті.

Құбырлар ыстықтай және салқындай иілуге жарамды болуға тиісті.

EN 10021 белгіленген, жеткізудің жалпы техникалық талаптары орындалуға тиісті.

8.2 Химиялық құрамы

8.2.1 Құйманы талдау

Болат өндіруші жеткізетін құйманы талдау, 2-кесте талаптарына сәйкесуге тиісті.

Ескерпе – Пісірілген құбырлар осы стандартқа сәйкес шығарылған жағдайда, болаттың пісіру сәтінде және одан кейінгі мінезі болаттың әзіне ғана байланысты емес, сонымен бірге термоөңдеуге және әзірлеу талаптарына және пісіру жүргізуге байланысты екенін ескеру қажет.

8.2.2 Өнімді талдау

3-опция: Өнімге арналған талдау ұсынылуға тиісті.

2-кестеде келтірілген құйманы талдау жөніндегі шекте көрсетілген өнімді талдау нәтижесі бойынша, 3-кестеде шектік ауытқу келтірілген.

2 -кесте — Химиялық құрамы (құйманы талдау) ^{a)} массасы бойынша %

Болат маркасы		C макс.	Si макс.	Mn	P макс.	S макс.	Cr макс.	Mo ^{b)} макс.	Ni макс.	Al _{tot} ^{b)} макс.	Cu ^{c)} макс.	Nb макс.	Ti макс.	V макс.
Болат атауы	Болат нөмірі													
P215NL	1,0451	0,15	0,35	0,40 - 1,20	0,025	0,020	0,30	0,08	0,30	0,020	0,30	0,010	0,03	0,02
P265NL	1,0453	0,20	0,40	0,60 -1,40	0,025	0,020	0,30	0,08	0,30	0,020	0,30	0,010	0,03	0,02

^{a)} Осы кестеге енгізілген элементтер, жалпыға құймаға қосылуы мүмкін элементтерді қоспағанда, тапсырыс берушінің келісімінсіз құймаға қосылмауы керек. Болатты балқыту процесінде пайдаланылатын скраптың (қалдық) немесе өзге де қажетсіз элементтердің қосылуын болдырмау үшін, барлық тиісті шаралар қабылдануға тиісті.

^{b)} Болат құрамында азоттың өзге де байланыстырушы элементтері бары хабарланған жағдайда қолданылмайды. Титанды пайдаланған кезде, әндіруші тексерілуге тиісті, былай: $(Al + Ti / 2) \geq 0,020\%$.

^{c)} **2-опция:** Қалыптаудың кейінгі операцияларын жеңілдету үшін, мыс пен қалайының салмағы, ең жоғары белгіленгеннен кем болуға тиісті.

3-кесте - Балқытудың химиялық құрамы бойынша көрсетілген шектен өнімді талдауда рұқсат етілетін, 2-кестеде келтірілген ауытқулар

Элемент	3-кестеге сәйкес балқытудың химиялық құрамының шекті мәні масса бойынша %	Өнімді талдаудан шекті ауытқу масса бойынша %
C	≤ 0,20	+ 0,02
Si	≤ 0,40	+ 0,05
Mn	≤ 1,40	+ 0,10 - 0,05
P	≤ 0,025	+ 0,005
S	≤ 0,020	+ 0,005
Al	≥ 0,020	- 0,005
Cr	≤ 0,30	+ 0,05
Cu	≤ 0,30	+ 0,05
Mo	≤ 0,08	+ 0,02
Nb	≤ 0,010	+ 0,005
Ni	≤ 0,30	+ 0,05
Ti	≤ 0,03	+ 0,01
V	≤ 0,02	+ 0,01

8.3 Механикалық қасиеті

Құбырдың механикалық қасиеті 4 және 5-кестелерде және 11.4 көрсетілген талаптарға сәйкесуге тиісті.

4-кесте — Қалыңдығы 25 мм және одан кем қабырғалық үшін бөлме температурасы кезіндегі механикалық қасиеті

Болат маркасы		Керуге беріктігі			
Болаттың атауы	Болаттың нөмірі	Аққыштың жоғарғы шегі немесе аққыштықтың шекті талаптары R _{сН} немесе R _{p0,2} мин. МПа *	Керу жүктемесі R _m МПа *	Ұзарту ^{a)} А мин. %	
				l	t
P215NL ^{b)}	1.0451	215	360 до 480	25	23
P265NL	1.0453	265	410 до 570	24	22

^{a)} l — ұзына бойы t - кәлденені

^{b)} Қабырға қалыңдығы T ≤ 10 мм үшін.

* 1 МПа = 1 кГс/мм²

5-кесте - Қалыңдығы 25 мм дейінгі қабырғалар үшін соққы Т қасиеті

Болаттың маркасы		Құбырдың осіне қатысты сынақ үлгілері бағдары	Энергияны сіңірудің ең төменгі орташа шамасы, KV, Дж		
Болаттың атауы	Болаттың нөмірі		°C температура кезінде		
			- 40	- 20	+20
P215NL ^{a)}	1.0451	Бойлық	40	45	55
P265NL	1.0453	Бойлық	40	45	50
		Бойлық	27	30	35

^{a)} Қалыңдығы T ≤ 10 мм қабырғалықтар үшін

8.4 Сыртқы түрі және ішкі беріктігі

8.4.1 Жалпы

Пісірілген жіктердің беткейінде сызат, ақаулар мен кемшіліктер болмауға тиісті.

8.4.2 Сыртқы түрі

8.4.2.1 Құбырлардың ішкі және сыртқы қабатының тегіс еместігі кәзбен шолғанда айқындалады.

8.4.2.2 Құбырлардың ішкі және сыртқы қабатын әңдеу, әндіріс процесіндегі қалыпты жағдай болуға тиісті, қажет болса, термикалық әңдеу қолданылады. Қабаттарды әңдеу мен оның жағдайы, тегістеуді талап ететін кез-келген қабаттық тегіс еместігі байқалуға тиісті.

8.4.2.3 Беткейлік кедір-бұдырларды, станокта тегістеу немесе әңдеу жолымен түзету үшін қол жетімді болуға тиісті, содан кейін әңделген учаскедегі қабырға қалыңдығы берілген ең жіңішке қалыңдықтан аз болмауға тиісті. Тегістелген барлық беткейлер құбырдың пішінімен жатық үйлесуге тиісті.

8.4.2.4 Қабырғадан 5 % қалың немесе 3 мм кем болуына байланысты, тереңдеген беткейдің кез-келген кедір-бұдыры тегістелуге тиісті.

Аталған талаптар үстірттік, тегіс немесе 0,3 мм кем кедір-бұдырларға тарамайды.

8.4.2.5 Берілген қабырға қалыңдығының ең аз мәні, ақау ретінде қарастырылуға және осындай ақауы бар құбырлар осы стандартқа сәйкес келеді деп саналады.

8.4.2.6 Жікті жәндеуге, белгіленген және келісілген процедураға сәйкес рұқсат етіледі.

8.4.3 Ішкі беріктік

8.4.4 Герметикалылығы

Құбырлар герметикалылығына гидростатикалық сынаудан өтуге тиісті (қараңыз, 11.6).

8.4.4.1 Бүлдірмей бақылау

1 және 2-сынақ категориялы құбырларды пісіру жақтауының жалпы ұзындығы 11.9.1-сәйкес ақауларды анықтау үшін бүлдірмей сынаудан өткізілуіне тиісті. 2-сынақ категориялы жайымының немесе жолақтың және құбыр ұштарының жиектері, 11.9.2-сәйкес ламинарлық ақауларды анықтау үшін бүлдірмей сынаудан өтуге тиісті.


8.5 Түзусызықтық

Ұзындығы L кез-келген құбырдың түзусызықтықтан ауытқуы 0,0015 L аспауға тиісті. Әрбір метрлік ұзындығы сызықтық ауытқу 3 мм-ден аспауы тиіс.

8.6 Ұштарын әзірлеу

Құбырлар тікелей кесілген ұштарымен жеткізіледі. Ұштары қылаудан босатылуға тиісті.

4-опция: Қалыңдығы 3,2 мм асатын құбырлар, ұштары бұрышталып кесілген түрінде жеткізіледі (қараңыз, 1-сурет). Келісім бойынша баламалы бұрышы белгіленетін, Т қалыңдығы 20 мм асатын қабырғаларды қоспағанда, кемері С 1,6 мм $\pm 0,8$ мм жапырылған, бұрышының қиғаштығы $\alpha 30^\circ \pm 5'$ болуы мүмкін.



1-сурет – Құбыр жиектерінің қиғаш бұрышы

8.7 Өлшемі, массасы және рұқсат ету

8.7.1 Қабырғалардың сыртқы диаметрі және қалыңдығы

Құбырларға сыртқы D диаметрі және қабырғалардың қалыңдығы T бойынша тапсырыс беріледі.

ENV 10220 іріктелген артықшылықты сыртқы диаметрі D және қабырғалардың қалыңдығы T іріктелгені 6-кестеде келтірілген.

Ескерпе — Әлшемі 6-кестедегіден айырмасы бары орнатылуы мүмкін.

8.7.2 Масса

ENV 10220 сәйкес ұзындық бірлігіне массаның есебі.

8.7.3 Ұзындық

Егер 5-опция көрсетілмесе, құбырлар ерікті түрде ұзындығымен қойылуға тиісті. Қойылу ауқымы сұрату және тапсырыс беру сәтінде келісілуге тиісті.

5-опция: Құбырлар әлшеулі ұзындығы бойынша қойылуға тиісті, ұзындығы сұрату және тапсырыс беру сәтінде көрсетілуге тиісті. Рұқсат етілетін ауытқу қараңыз, 8.7.4.5.

8.7.4 Рұқсат беру

8.7.4.1 Қабырғалықтардың диаметріне және қалыңдығына қойылатын шектеу

Құбырлар қабырғасының диаметрі мен қалыңдығы 7-кестеде көрсетілген шекте болуға тиісті.

6-кесте – Өлшемдері

Өлшемі мм

Сыртқы диаметрі D серия ^a			Қабырғаның қалыңдығы T																
1	2	3	4	4,5	5	5,6	6,3	7,1	8	8,8	10	11	12,5	14,2	16	17,5	20	22,2	25
406,4																			
457																			
508																			
		559																	
610																			
		660																	
711																			
	762																		
813																			
		864																	
914																			
1016																			
1067																			
1118																			
	1166																		
1219																			
	1321																		
1422																			
	1524																		
1626																			
	1727																		
1829																			
	1930																		
2032																			
	2134																		
2235																			
	2337																		
	2438																		
2540																			

^a Серия 1 – құбыр жүйесін құру үшін компоненттері, стандартталған;
 Серия 2 - барлық компоненттер стандартталған болып табылады;
 Серия 3 - арнайы қосымшалар үшін, стандартты компонент бар.

7-кесте — Қабырғаның сыртқы диаметрі мен қалыңдығына қойылатын шектеу

Өлшемі мм

D рұқсат беру	T рұқсат беру ^a	
	$T \leq 5$	$5 < T \leq 40$
$\pm 0,75 \%$ немесе ± 6 мм тәмендегіге байланысты	$\pm 10 \%$ немесе $\pm 0,3$ мм тәмендегіге байланысты	$\pm 8 \%$ немесе ± 2 мм тәмендегіге байланысты
^a Қосымша рұқсат жақтау саласын жоққа шығарады (қараңыз, 8.7.4.2)		

8.7.4.2 Пісірілген жіктің биіктігі

Сыртқы және ішкі пісіру жақтауларының биіктігі 8-кестеде кәрсетілген шекте болуға тиісті.

8-кесте – Пісіру жақтауының ең жоғарғы биіктігі

Өлшемі мм

Қабырғалар қалыңдығы Т	Сыртқы және ішкі пісіру жақтауларының ең жоғарғы биіктігі
$T \leq 12,5$	3
$T > 12,5$	4

8.7.4.3 Жайма жиектерін және жақтау кемерлерін радиалды ығыстыру

Жалғасқан жайма мен жолақ жиегін радиалды ығыстыру 9-кестеде кәрсетілген шекте болуға тиісті.

9-кесте - Жалғасқан жайма мен жолақ жиегін барынша радиалды ығыстыру

Өлшемі мм

Қабырғалар қалыңды Т	Барынша радиалды ығыстыру
$T \leq 12,5$	1,6
$T > 12,5$	0,125 Т макс. 3,2

8.7.4.4 Пісіру жақтауының жиегін ығыстыру

Пісіру жақтауының жиегін ығыстыру, жіктің толық балқуына және қорытылуына жететін жағдайға жарамды болуға тиісті.

8.7.4.5 Өлшемді ұзындық үшін қойылатын шектеу

Өлшемді ұзындық үшін қойылатын шектеу 10-кестеге сәйкесетін шекте болуға тиісті.

10-кесте — Өлшемді ұзындық үшін қойылатын шектеу

Өлшемі мм

Ұзындық L	Рұқсат
$L \leq 6000$	+ 25 0
$6000 < L \leq 12000$	+ 50 0
$L > 12000$	+ келісу бойынша 0

8.7.4.6 Сопақтық

Сопақтық (О) мына формула бойынша есептеледі:

$$O = \frac{D_{\max} - D_{\min}}{D} 100, \quad (1)$$

мұнда

O - сопақтық, %;

D - сыртқы диаметрі, мм;

D_{\max} , D_{\min} - максималды және минималды сыртқы диаметр сол сол жазықтықта әлшенеді, мм

Сыртқы диаметрі $D = 406,4$ мм құбырлар үшін, сопақтық диаметріне рұқсат беру шегінде болуға тиісті.

Сыртқы диаметрі $D > 406,4$ мм и $D/T \leq 100$ құбырлар үшін, сопақтық 2 % аспауға тиісті.

$D/T > 100$ құбырлар үшін сопақтық шама сұрату және тапсырыс беру сәтінде келісілуге тиісті.

9 Бақылау

9.1 Бақылау түрлері

Құбырлардың тапсырыс талаптарына сәйкестігін осы стандартқа сәйкес, арнайы бақылаушы қанағаттандыруға тиісті.

9.2 Бақылау құжаттары

9.2.1 Бақылау құжаттарының түрлері

Егер 6-опция таңдалмаған болса, EN 10204 сәйкес 3.1.B сәйкестік сертификаты пайдаланылады.

6-опция: EN 10204 сәйкес 3.1.A, 3.1.C немесе 3 қабылдайтын бақылаудың құжаттарының бірі ұсынылуы мүмкін.

Егер 3.1.A, 3.1.C немесе 3.2 қабылдайтын бақылаудың құжаты ұсынылған болса, тапсырыс беруші қабылдауды жүргізетін ұйымның немесе маманның атауы және мекенжайы туралы шығарушыны хабарландырады және қабылдайтын бақылау құжаттарын әзірлейді.

Егер қабылдайтын бақылау құжаттарының 3.2 түрін қатысушы тараппен келісу керек болады.

9.2.2 Бақылау құжаттарының мазмұны

Қабылдайтын бақылау құжаттарының мазмұны EN 10168 сәйкесуге тиісті.

Тексеру актісінде немесе тексеру нәтижесі жөніндегі есепте мынадай кодтар мен ақпараттар жазылуға тиісті:

- А коммерциялық келісім және қатысушы тараптар;
- В, бақылау құжаттары рәсімделген, әнімдер сипаттамасы;
 - C01-C03 сынақ үлгілерінің орналасуы, сынау температурасы;
 - C10-C13 керіуге сынау;
 - C40-C43 соққыға сынау;
 - C60-C69 басқа да сынақтар (мыс., пісіру жактауын иілуге);
 - C71-C92 құйманы талдау бойынша химиялық құрамы (мүмкін болса, әнімдерді талдау);
- D01 таңбалау және сәйкестендіру, беттік сыртқы түрі және әлшемді сипаты;
- D02-D99 герметикаға сынау, бүлдірмей сынау;
- Z — сенімділігін тексеру.

9.3 Тексеру және сынау қорытындылары

Құбырлар, сұрау салу немесе тапсырыс беру кезінде белгіленгендей, 1 немесе 2-сынау категориясына сәйкес тексерілуге және сыналудың тиісті (қараңыз, 6.1).

Жүргізілген тексерулер мен сынақтар 11-кестеде жинақталған.

11-кесте - Тексеру және сынау қорытындылары

Тексеру және сынау түрлері		Сынақ жиілігі	Сілтеме	Сынау категориясы	
				1	2
Міндетті сынақтар	Құйманың химиялық құрамы	Құйма бірлігі	8.2.1 және 11.1	X	X
	Негізгі материалды бөлме температурасы жағдайында сынау	Сынақ іріктеу құбыры үшін бірлік	8.3 және 11.2.1	X	X
	Пісіру жақтауын бөлме температурасы жағдайында керуге сынау, құбырлар D > 508 мм ^{a)}		8.3 және 11.3	X	X
	Пісіру жақтауын иілуге сынау		8.3 және 11.4	X	X
	Тәменгі температура кезінде негізгі материалды соққыға сынау		8.3 және 11.5	X	X
	Тәменгі температура кезінде пісірілген жікті соққыға сынау			X	X
	Герметикаға сынау	әрбір құбырды	8.4.3.1 және 11.6	X	X
	Әлшем бақылауы	8.7, 8.5 және 11.7		X	X
	Кәзбен шолу	11.8		X	X
	жікті бүлдірмей сынау	әрбір құбырды	8.4.3.2, 11.9.1 және 11.9.3	X	X
	Қатпарлану негізгі материалдың бүлдірмей сынау		8.4.3.2 және 11.9.2.1	-	X
	Құбыр ұштарын қабаттануға бүлдірмей сынау		8.4.3.2 және 11.9.2.2	-	X
	Жолақты/жолақ жиегін жапырылуға бүлдірмей сынау		8.4.3.2 және 11.9.2.3	-	X
Келісім бойынша сынау	Өнімдерді талдау (3-нұсқа)	Құйма бірлігі	8.2.2 және 11.1	X	X
	Құбырдың соңынан бастағанда қабырғалардың қалыңдығын әлшеу жолдары (9-нұсқа)	8.7.1 және 11.7		X	X

^{a)} 7-опция: Сыртқы диаметрі D құбырды азына немесе 508 мм тең болатынын пісіру жақтауын кәлденең керуге сынақ жүргізілмейді.

10 Үлгілерді іріктеу

10.1 Сынақтар жиілігі

10.1.1 Өнімдердің сыналатын бірлігі

Кейін термоөңделмейтін, жеткізілген құбырлар үшін (қараңыз, 1-кесте) сыналатын үлгіге бір процеспен шығарылатын, қабырғаларының диаметрі мен қалыңдығы көрсетілген, болаттың бір маркалы құбырлары енгізілуге тиісті.

Пештік термоөңдеуден өткен құбырлар үшін, сыналатын үлгіге бір процеспен, бір балқытумен шығарылатын, қабырғаларының диаметрі мен қалыңдығы кәрсетілген, болаттың бір маркалы құбыралары, пештің мерзімдік әрекетінде бір жүктеме бойынша, әдістемелік пеште соңғы термоөңдеуден өткізіледі. Сыналатын үлгідегі құбырлардың ең көп саны 50 дана болуға тиісті.

10.1.2 Сыналатын үлгідегі өлшемді түтіктер саны

Өлшемді түтіктердің мына саны әрбір сынақ үлгісінен таңдалуға тиісті:

- 1 сынақ категориясы: бір өлшемді түтік;
- 2 сынақ категориясы: екі өлшемді түтік; түтіктің жалпы саны 20-дан кем болған жағдайда, бір ғана өлшем түтігі.

10.2 Үлгілерді сынау үшін әзірлеу

10.2.1 Өнімдерді талдау үшін үлгілерді таңдау және әзірлеу

Өнімдерді таңдауға арналған үлгілер, EN ISO 14284 сәйкес механикалық сынақ өткізілетін жерден, құбырларды механикалық және қалыңдығын сынауға арналған үлгілер арасынан іріктелуге тиісті.

10.2.2 Механикалық қасиетін сынау үшін үлгілердің орналасуы, бағдарлану және әзірлеу

10.2.2.1 Жалпы

Сынауға арналған үлгілер EN ISO 377 сәйкес құбырлардың ұштары бойынша іріктелуге тиісті.

10.2.2.2 Негіздік материалды керуге сынау үлгілері

Негіздік материалды керуге сынау үлгілері, EN 10002-1 талаптарына сәйкес әзірленген болуға тиісті.

Шығарушының қалауы бойынша сыналатын үлгі құбырдың толық кесіндісі немесе жолақтың кесіндісі болуға және құбырдық кәлденең немесе ұзына бойғы осіне қарай іріктелуге тиісті.

Үлгісі (SAWH) флюс бойынша спиральды доғалық пісіру кәмегімен алынған сыналатын құбырлар үлгісі, қарама-қарсы пісірілген жақтау бағытында таңдалуға тиісті. Сынау үлгісі пісірілген жақтаулар арасындағы 1/4 қашықтықтан алынуы керек.

10.2.2.3 Жіктерді керуге сынау үлгілері

Пісірілген жіктерді қашықтан сынау үлгілері, жақталардың кесе кәлденеңінен таңдалуға тиісті, осы ретте жақтау ортасында болуға тиісті. Үлгі, теңестірілуі мүмкін; бағытталған жақтау алып тасталуы мүмкін құбырдың толық қалыңдығы бойынша жолақтың кесіндісі болуы мүмкін.

10.2.2.4 Пісірілген жікті иілуге сынау үлгілері

Пісірілген жікті оның ұшар басында және кесіндісін иілуге сынау үлгілері EN 910 сәйкес әзірленуге тиісті.

10.2.2.5 Негіздік материалды соққыға сынау үлгілері

Үш стандартты V-пішінді үлгі EN 10045-1 сәйкес дайындалуға тиісті. Егер бұйымның номиналды қалыңдығы секцияларды теңестірмей сынау үшін стандартты үлгіні әзірлеуге мүмкіндік бермесе, онда ені кемі 10 мм, бірақ 5 мм кем болмайтын сынақ үлгісін әзірлеу қажеті; барынша қол жетімді енін пайдалану керек болады.

Егер ені 5 мм кем болмайтын үлгіні әзірлеу мүмкін болмаса, құбырлар соққыға сыналмайды.


ҚР СТ EN 10217-6-2015

Сынау үлгілері үшін, келтірілген формула бойынша есептелген, D_{\min} болатын жағдайды қоспағанда, берілген сыртқы диаметрінің мәні құбыр осіне кәлденені алынуға тиісті, бұл жағдайда құбыр осіне кәлденені таңдалады:

$$D_{\min} = (T-5) + [756,25 / (T-5)] \quad (2)$$

Үлгілер жікке карама-қарсы бағытта алынуға тиісті; (SAWH) флюс бойынша спиральды доғалық пісіру кәмегімен алынған құбырлар үшін сынау үлгісі, пісірілген жіктер арасындағы 1/4 қашықтықтан алынуға тиісті.

Сынау үлгілері, ось сызығы құбыр бетіне перпендикуляр кесілген болып әзірленуге тиісті, қараңыз, 2-сурет.



1 - Сынауға арналған ұзындық үлгісі; 2 - Сынауға арналған кәлденен үлгісі

2-сурет — Үлгіні соққыға сынуға бағдарлау

10.2.2.6 Пісірілген жікті соққыға сынау үлгісі

EN 10045-1 сәйкес соққылық тұтқырлыққа V-үлгідегі бойлық кертікті Шарпи бойынша үлгілердің сынағының үш жинағын әзірлеу қажет. Егер қабырғалар қалыңдығы, секциялар теңестірмей стандартты үлгіні жүргізу мүмкін болмайтындай болып шықса, онда, ені 10 мм кем болмайтын үлгілер әзірленуге тиісті; барынша үлкен ені пайдаланылуы керек.

Егер ені ең кіші 5 мм алу мүмкін болмаса, жік соққыға сыналмауы мүмкін.

Үлгілер пісірілген жікке кесе кәлденен таңдалуға тиісті.

Үлгілер, кертік осі құбыр бетіне перпендикуляр болатындай әзірленуге тиісті және ойық:

- бір терім үшін жіктің ортасына;
- әзге де екі терім үшін термикалық әсердің тиісті аймағы жіктің екі қапталы бойынша орналасуға тиісті.

11 Сынау әдістері

11.1 Химиялық талдау

Айқындалатын элементтер 2-кесте деректеріне сәйкесуге тиісті. Талдаудың ыңғайлы физикалық немесе химиялық саралау әдісі шығарушының қалауы бойынша таңдалады. Даулы жағдайда, әдіс CR 10261 ескеріле отырып, шығарушы мен тапсырыс беруші арасында келісіледі.

11.2 Негіздік материалды керуге сынау

Сынақ EN 10002-1 сәйкес жүргізілуге тиісті, сондай-ақ мыналады айқындау керек:

- керу кезіндегі беріктік шегі (R_m);
- (R_{eH}) аққыштықтың жоғарғы шегі, егер аққыштық құбылыс анықталмаса, аққыштықтың шартты 0,2 % шегі алынады ($R_{p0,2}$);
- салыстырмалы ұзарту (L_0) жұмыстық ұзындыққа $L_0=5,65 \times \sqrt{S_0}$ сілтеме бойынша үзілген кезде; егер сынақ үшін пропорционал емес үлгі пайдаланылса, EN ISO 2566-1 кестесінің есебі пайдаланыла отырып, ұзарту мәні $L_0=5,65 \times \sqrt{S_0}$ есептік ұзындық мәніне түрлендірілуі қажет.

11.3 Пісірілген жікті көлденең керуге сынау

сынақ EN 10002-1 сәйкес жүргізілуге тиісті, үзілуге беріктік (R_m) шегі айқындалуы қажет.

11.4 Пісірілген жікті иілуге сынау

сынақ, диаметрі 3Т әзекше пайдаланыла отырып, EN 910 сәйкес жүргізілуге тиісті.

Үлгі сыналғаннан кейін болмашы сызаттар мен кемшіндер болмауға тиісті, алайда жиектеріндегі болмашы зақымдар бас тартуға себеп ретінде қаралмауға тиісті.

11.5 Соққыға сынау

11.5.1 Сынақ 40 ° C температура жағдайында EN 10045-1 сәйкес жүргізілуі керек.

11.5.2 Үш үлгінің орташа мәні, 5-кестеде келтірілген талаптарды қанағаттандыруға тиісті. Бір жекелеген мән, берілген мәннен, ол осы шамадан 70 % аз болмайтын жағдайда, төмен болуы мүмкін.

11.5.3 Егер үлгінің (W) ені 10 мм кем болса, соққының әлшемді қуаты (KV_p), мына теңдеу пайдаланыла отырып, (KV_c) энергия қуатына түрлендірілуі керек:

$$KV_c = \frac{10 \times KV_p}{2 \times W} \quad 3)$$

мында:

KV_c , саналған соққы энергиясы, Дж;

KV_p , әлшенген соққы энергиясы, Дж;

W , үлгінің ені, мм.

Үлгінің есептік қуаты (KV_c) 11.5.2 келтірілген талаптарға сәйкесуге тиісті.

11.5.4 Егер 11.5.2 талаптары орындалмайтын болса, шығарушының қалауы бойынша сол үлгілердің ішінен үш үлгіге қосымша сынақ жүргізіледі. Сынақты, ол қайталанғаннан кейін қанағаттанарлық деп тану үшін, осымен бір мезгілде мына талаптар орындалуға тиісті:

- алты сынақтың ішінен орташа шама берілген ең кіші орташа мәннен үлкен немесе оған тең болуы керек;
- жекелеген алты шаманың екеуінен астамы берілген ең кіші орташа мәннен аз болуға тиісті;
- Жекелеген алты шаманың біреуінен астамы, берілген ең кіші орташа мәннің 70 % кем болуға тиісті;

11.5.5 Сынауға арналған үлгілердің әлшемі әлшемді соққы қуатының мәніне және табылған орташа шамаға, мм сәйкестендірілуге тиісті.

11.6 Герметикаға гидростатикалық сынау

Гидростатикалық сынақ мына формула бойынша есептелген 70 бар ²⁾ қысым кезінде немесе Р қысым кезінде жүзеге асырылады:

$$P=20 \times (S \times T) / D \quad (4)$$

мұнда:

P – сынақ кезіндегі қысым, бар;

D – берілген сыртқы диаметрі, мм;

T – қабырғалардың берілген қалыңдығы, мм;

S – болаттың аталған маркасы үшін көрсетілген беріктіктің ең кіші шегінің 70 % сәйкесетін, МПа-дағы кернеу (қараңыз, 4-кесте).

Сынақ қысымы сыртқы диаметрі $D \leq 457$ мм құбыр үшін кемі 5 сек. және сыртқы диаметрі $D > 457$ мм құбыр үшін кемі 10 сек. шыдап тұрады.

Құбыр сынақ кезінде сұйықтық ағып кетпей немесе қалпын өзгертпей шыдас беруге тиісті.

8-опция: 11.6.6 көрсетілгеннен ерекшеленетін және қаралатын болат маркасы үшін берілген беріктік шегінде (қараңыз, 4-кесте) ең төменгіден 90 % кем кернеуге сәйкесетін сынақ қысымы ұсынылуға тиісті.

Ескерпе — Герметикаға арналған осы гидростатистикалық сынақ беріктікке сынау болып табымайды.

11.7 Өлшемді бақылау

Кәсетілген мәлшерлер, оның ішінде тіксызықтық мәлшері тексеруден өтуге тиісті.

Сыртқы диаметрі құбырдың диаметрі бойынша немесе екі ұшындағы циркометрдің кәмегімен әлшенуі керек.

Егер 9-опция көрсетілмесе, қабырға қалыңдығы құбырдың екі ұшы бойынша әлшенуге тиісті.

9-опция: Қабырғалардың қалыңдығы белгіленген процедура бойынша құбырлар ұштарынан қашықтан әлшенеді.

11.8 Көзбен шола зерттеу

Құбырлар 8.4.1 және 8.4.2 бойынша талаптарға сәйкес көзбен шола зерттелуге тиісті.

11.9 Бүлдірмей сынау

11.9.1 Пісірілген жікті бүлдірмей сынау

Құбырдың пісірілген жігінің жалпы ұзындығы EN 10246-9 сәйкес және 1-категориялы сынақ үшін U3 қабылдау деңгейінде және 2-категориялы сынақ үшін U2 деңгейде немесе EN 10246-10 сәйкес радиографиялық зерттеудің R2 кәрнісінің сапасы үшін сынақтан өткізілуге тиісті.

Егер 10-опция көрсетілмесе, сынақты бақылау әдісін таңдауды шығарушының қалауы біледі.

